

ISSN 2616-6895

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN
of the
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

1(122)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы
п.ғ.д., проф.
А.А. Молдажанова (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика) **Г.Ж. Менлибекова**, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология) **А.Р. Ерментәева**, пс. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (социология) **Н.О. Байғабылов**, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	Докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген
Д.С. Байтлесова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 55 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі,13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор
д.п.н., проф.
А.А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)

Г.Ж. Менлибекова, д.п.н., проф.
(Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)

А.Р. Ерментаева, д.п.н., проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора (социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Кажгалиева А.

докторант (Казахстан)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

Докт. (Болгария)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толеубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка

Д.С. Байтлесова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: Педагогика. Психология. Социология.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 17001-Ж от 27.03.18.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 55 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Editor-in-Chief

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.
A.A. Moldazhanova (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy)

G.Zh.Menlibekova, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

A.R. Yermentayeva, Doctor of Psychological
Sciences, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

N.O. Baigabylov, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Hayati Tufekcioglu
Islamova Z.M.

Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Can. of Pedagogical. Sciences,
Assoc.Prof (Russia)

Ivanova G.P.
Kazhgaliyeva A.
Kaldybayeva O.V.

Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Doctoral Candidate (Kazakhstan)
PhD (Kazakhstan)

Khan N.N.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Koleva I.

Dr. (Bulgaria)

Seytkazy P.B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Shaikhislamov R.B.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Shalgynbayeva K.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Sunarchina M.M.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Toleubekova R.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)

Urazbayeva G.T.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008

Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout:

D.S. Baytlessova

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University

Pedagogy.Psychology.SociologySeries

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 55 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-432)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

Абибулаева А.Б., Ниязбекова А.М. Әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мәселелерінің замануи жағдайы.....	11
Абдулова Г. К., Криволапова М. О., Мещанова А. Г. Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының сабақтан тыс жобалық жұмысының мәселелері.....	18
Абильдина С.Қ., Копбалина К.Б. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік білігін қалыптастыру.....	28
Аканова Р.А., Умбетова Ж.С., Сыздыкова А.М. Студенттердің кәсіби дайындығын қалыптасуындағы оқыту тәжірибесінің рөлі.....	33
Амирова А.С., Агранович Е.Н. Тайм-менеджмент теориясының негізі болашақ педагогтардың оқу әрекетін ұйымдастырудың құралы ретінде.....	38
Аргингазинова Г.Б., Хусаинова Г.А. XIX ғасырдың екінші жартысында - XX ғасырдың басындағы Қазақстан діни мұсылман оқу орындарындағы музыкалық компоненттің сұрақтарын қарастыру.....	44
Байбек А.Қ. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясындағы «Этносольфеджио» курсының құрылу тарихы.....	54
Байжуманова Н.С., Нурмаганбетова М.С., Готтинг В.В., Коржумбаева М.Б. Нәтижеге бағытталған педагогикалық мақсаттарды қою технологиясы.....	63
Байменова Б.С., Жубакова С.С. Инклюзивті білім берудің тарихи-педагогикалық негіздері.....	70
Бейсенбаева Б.А., Копжасарова У.И. Үш тілді білім беру жүйесінде тілдік емес мамандықтар бойынша мұғалімдерді лингвистикалық дайындаудың мәні мен мазмұны жайында.....	76
Ботабаева А.Е., ТойккоТ., Уйсимбаев Е.К. Финляндияның әлеуметтік жұмысындағы басым бағыттар.....	85
Галиев Т.Т., Ибраева К.Ж., Бекбаева Ж.С. Сыни ойлау: зерттеудің теориялық аспектілері.....	93
Гатауов Т.Т. Қазақстандығы хореографиялық білім берудің даму тенденциялары.....	98
Гауриева М., Мухашова А.Б. Шетел тілін оқыту процессінде аудиовизуалды материалдарды қолдану.....	103
Длиббетова Г.К., Абенова С.У. Экологиялық еріктілік студенттердің санасын жаңғырту тәсілі ретінде.....	110
Жұбакова С.С., Жусупова М.Ж. Университеттің білім беру ортасының жағдайында толеранттылық сезімін дамыту.....	116
Ибадуллаева С.Ж., Раманова Л.Б., Ауезова Н.С., Жусупова Л.А. Биология мамандығы бойынша білім алушылардың көптілді білім беру ортасына бейімделуі	122
Казимова Д.А., Омаров А.М., Көпбалина С.С., РақымжанА.А. ЖОО-да студенттік орталықтандырылған оқытуды ұйымдастыру.....	128
Калкеева К.Р., Калимжанова Р.Л. Жаңашыл білім беру аясы шарттарындағы әлеуметтік педагогтың сөйлеу мәдениетінің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму синхрондылығы.....	136
Карманова Ж.А., Белгібаева Г.Қ., Кеңесбекова С.А. Педагогикалық ортада психологиялық комплекстердің пайдалануы.....	143
Касенов Х.Н. Болашақ педагогтарды этикалық-деонтологиялық дайындауда теориялық мәліметтер.....	149
Кендирбекова Ж.Х., Туякова А.Е. Колледждегі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ерекшеліктері.....	155
Кожиков Ж.Ә., Көшкімбаев Қ.Т. Инженерлік графикадағы геометриялық абстракты ұғымдардың мәні мен мағынасын түсіну.....	160

Копжасарова У.И. , Мустафина А.С. CLIL технологиясы «Халықаралық құқық » мамандандығы студенттерінің шетелдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде.....	166
Кудышева А.А., Махадиева А.К. Аутизм: себептері мен шешу жолдары.....	178
Майгельдиева Ш.М. , Паридинова Б.Ж. Педагогика және психология ғылымдарының зерттеу әдістері: мәні, түсінігі және түрлері.....	183
Майлыбаева Г.С. Жаратылыстануды оқытуда бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.....	191
Мұқанова Қ.Қ., Алмағамбетова А. А. , Құрманова А.И. Тұлғалық дамуда педагогикалық қарым-қатынастың рөлі.....	196
Рахимжанова Л.Б., Хакимова Т.Х., Спабекова Ж.Х. Мектептегі робототехника элементтерін зерттеу қажеттілігі.....	203
Самуратова Т.К. Білім берудегі жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі.....	208
Хан Н.Н., Жампеисова К.К., Колумбаева Ш.Ж. Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі педагогикалық құбылыс ретінде.....	215
Шкутина Л.А., Мирза Н.В., Санхаева А.Н. Педагогтардың корпоративті құзыреттіліктерін дамыту түрлері мен әдістері	222

ПСИХОЛОГИЯ

Аубакирова Ж.Қ. Студенттік кезеңдегі қарым-қатынасқа психологиялық сипаттама.....	231
Аюпова Г.Т. Жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби-тұлғалық типтік сипаттамалары.....	236
Ерментаева А.Р. Профессор Х.Т. Шеръязданованың отандық педагогикалық психологияның дамуына қосқан үлесі.....	242
Карибаева Г.М., Еркен Ә.Е. Студенттердің басқа мемлекеттің әлеуметтік-мәдени ортасына жылдам бейімделуінің алғышарттары.....	247
Каримбаева Б.Ш. «Мен өсіп келемін, бірақ маған кедергі келтіреді» проективті әдістемесін қолдану тәжірибесі.....	254
Қуатова А.С., Урузбаева Г.Т. Некеге әртүрлі деңгейде қанағаттанатын ерлі-зайыптылардың отбасылық өмір туралы әлеуметтік түсініктері.....	262
Салиева А.Ж., Юкутлина А.М. Болашақ педагогтарда когнитивті стильді қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	269

СОЦИОЛОГИЯ

Қурмангожина Г.О. Ақмола облысының тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму механизмін бағалау және бағалау.....	276
Сембина Ж.Ж., Салықжанов Р.С. Этникалық стереотиптерді зерттеу ерекшеліктері.....	283
Смағамбет Б.Ж., Тлеспасева А.А. Тарихи-әлеуметтанулық зерттеуде «мәдени жарақат» теориясын қолдану мүмкіндігі.....	289
Б.Ж. Төребеков Қиын өмірлік жағдайлардағы отбасыларға біріктірілген әлеуметтік қызметтерді көрсетудегі ведомстволық өзара көмек.....	296

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

Абибулаева А.Б., Ниязбекова А.М. Современное состояние проблемы адаптации социальных педагогов к профессиональной деятельности.....	11
Абдулова Г.К., Криволапова М. О., Мещанова А. Г. Проблемы внеурочной проектной деятельности учащихся НИШ.....	18
Абильдина С.К., Копбалина К.Б. Формирование исследовательских навыков учащихся начальной школы.....	28
Аканова Р.А., Умбетова Ж.С., Сыздыкова А.М. Роль учебной практики в профессиональном становлении студентов.....	33
Амирова А.С., Агранович Е.Н. Теоретические основы тайм-менеджмента как средства организации учебной деятельности будущих педагогов.....	38
Аргингазинова Г.Б., Хусаинова Г.А. К вопросу о музыкальном компоненте обучения в конфессиональных мусульманских учебных заведениях Казахстана во второй половине XIX-начале XX века.....	44
Байбек А.Қ. История создания курса «Этносьольфеджио» для музыкантов народников в Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.....	54
Байжуманова Н.С., Нурмаганбетова М.С., Готтинг В.В., Коржумбаева М.Б. Технология постановки педагогических целей, ориентированных на результат.....	63
Байменова Б.С., Жубакова С.С. Историко-педагогические основы инклюзивного образования.....	70
Бейсенбаева Б.А., Копжасарова У.И. О сущности языковой подготовки учителей неязыковых специальностей в условиях трехязычного образования.....	76
Ботабаева А.Е., Тойкко Т., Уйсимбаев Е.К. Приоритетные направления социальной работы в Финляндии.....	85
Галиев Т.Т., Ибраева К.Ж., Бекбаева Ж.С. Критическое мышление: теоретические аспекты исследования.....	93
Гатауов Т.Т. Тенденции развития казахстанского хореографического образования	98
Гауриева М., Мухашова А.Б. Использование аудиовизуальных материалов в процессе обучения иностранному языку.....	103
Длиббетова Г.К., Абенова С.У. Экологиялық еріктілік студенттердің санасын жаңғырту тәсілі ретінде.....	110
Жубакова С.С., Жусупова М.Ж. Развитие толерантного сознания в условиях образовательной среды вуза.....	116
Ибадуллаева С.Ж., Раманова Л.Б., Ауезова Н.С., Жусупова Л.А. Адаптация обучающихся по специальности биология к полиязычной образовательной среде.....	122
Казимова Д.А., Омаров А.М., Көпбалина С.С., Рақымжан А.А. Организация студентоцентрированного обучения в вузе.....	128
Калкеева К.Р.¹, Калимжанова Р.Л.² Синхронность развития речевой культуры социального педагога и информационно-коммуникационных технологий в условиях ноосферного образования.....	136
Карманова Ж.А., Белгібаева Г.Қ., Кеңесбекова С.А. Проявление психологического комплекса в педагогической среде	143
Касенов Х.Н. Теоретические предпосылки этико-деонтологической подготовки будущих педагогов.....	149
Кендирбекова Ж.Х., Туякова А.Е. Особенности работы социального педагога с подростками девиантного поведения в колледже.....	155

Zh.K. Aubakirova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Psychological and pedagogical description of communication in the student age

Abstract. Pedagogical contract's peculiarities with its psychological side are considered in this article. Student's pedagogues are prepared for communicative contract. On this problem psychological – pedagogical literature analysis was conducted by A.A. Bodalev, A.A. Leontyev, M.I. Lissina and others.

Student's research theoretical importance of pedagogical communication development consists of psychological methods, developing pedagogical communicative abilities.

Key words. Psychology of communication, student age, pedagogical communication, spiritual revival.

References

1. Poslanie Prezidenta Kazahstana «Tretya modernizatsiya Kazahstana: globalnaya konkurentosposobnost» (g.Astana, 31 yanvarya 2017 g.) – 3 -8 s. [Message of the President of Kazakhstan “The Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness” (Astana, January 31, 2017) - 3 -8 p.]
2. Leontev A.A. Deyatel'nost i obschenie //Voprosy filosofii. - 1979.-№1.-s.121-132.[Leontev A.A. Activity and communication // Questions of philosophy. - 1979.-№1.-p.121-132.]
3. Lisina M.I. «Obschenie, lichnost i psihika rebenka», [Lisin M.I. “Communication, personality and psyche of the child”], (Moscow, Voronezh., 1997)
4. SHERIYAZDANOVA H.T., ERMENTAYEVA A.R. Psihologiya mamandyqtary boyynsha praktikalar / Øskemen – 2004, – 26- 28 b.[Sheriyazdanova Kh.T., Ermentayeva A.R. Psychology of the mamandyqtary boyynsha practitioner / Øskemen - 2004, - 26- 28 b.]
5. Ermentayeva A.R. Studentterdi psihologiyalyk dayyindaudyñ negizderi. – Øskemen: SHQMU baspasy, 2007. – 54-58 b.[Ermentayeva A.R. The basics of psychological training of students] (Øskemen: ShQMU baspasy, 2007).
6. Leontev A.N.. Voprosy detskoy psihologii. M., 1948. – 23-29 s.[Leontiev, AN, Questions of Child Psychology. M., 1948. - 23-29 p.]
7. Andreeva G.M., YANOUSHEK YA. Vzaimosvyaz obscheniya i deyatel'nosti //Obschenie i optimizatsiya sovmestnoy deyatel'nosti. M.,1985. – 76-79 s.[Andreeva GM, Yanoushek Ya. Interrelation of communication and activity // Communication and optimization of joint activity. M., 1985. - 76-79 sec.]
8. Leontev A.A. Deyatel'nost i obschenie //Voprosy filosofii. - 1979.-№1. – 23-28 s.[Leontev A.A. Activity and communication // Questions of philosophy. - 1979.-№1. - 23-28 sec.]

Автор туралы ақпарат:

Аубакирова Ж.К. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, психология ғылымдарының кандидаты, доцент әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы, Астана, Қазақстан.

Zh.K. Aubakirova – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor Department of Social Pedagogy and Self-knowledge, Astana, *Kazakhstan*.

FTAMP 15

Г.Т. Аюпова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан

(E-mail: gulbarshin63@mail.ru)

Жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби-тұлғалық типтік сипаттамалары

Аннотация. Мақалада жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби іс-әрекетіне бейнеленетін олардың тұлғалық қасиеттері бойынша типтерге жіктелуі қарастырылады. Теориялық талдау, нақтылау және жалпылау әдістері бойынша психологиялық-педагогикалық ғылымдарда белгілі педагогтардың кәсіби және тұлғалық типологиясы қарастырылған. Сондай-ақ, мақалада педагог

типтерінің негізіндегі кәсіби маңызды қасиеттер, кәсіби құзіреттіліктің құраушылары болатыны анықталып, көрсетілген.

Түйін сөздер. педагог, типология, кәсіби маңызды қасиет, қабілет, эмпатия, кәсіби іс-әрекет, тұлға, қарым-қатынас.

Қазіргі кезде педагогтардың кәсіби іс-әрекетке және тұлғалық сипаттарына қатысты типтік ерекшеліктері олардың кәсіби құзіреттілігін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Педагогтардың жеке-дара ерекшеліктері, тұлғалық қасиеттері мен кәсіби қабілеттері білім алушылардың дамуына, білім беру орнындағы мінез-құлық мәдениетінің бекуіне, білім беру технологияларын қолдануға байланысты оңды өзгерістерге себеп болады.

Ғылымдағы педагогтардың типологиялық жіктемелерінде көбінесе жеке-дара кәсіби қабілеттер басты параметр болып табылады. Сонымен қатар, әдебиетте педагогтар типологиясына маманның кәсіби іс-әрекет барысында қарым-қатынас жасауға қабілеті немесе өз пәні арқылы білім алушыларды қызықтыра қарастырылады.

Ғылыми зерттеулерде педагог типтері кәсіби маңызды қасиеттер мен кәсіби бағыттылықтың дамуы бойынша да ажыратылады. Осыған байланысты Е.И. Рогов [1] педагогтардың негізгі 4 типін анықтаған.

1. «Ұйымдастырушы» педагог. Бұл педагог талап қою, ұйымдастыру, күшті ерік-жігер, қуаттылық сияқты қасиеттермен ерекшеленеді. Ол көбінесе ұжымда көшбасшы ретінде танылады. Ұйымдастырушы педагогтар, Е.И. Роговтың ойынша, кәсіби іс-әрекетте орындаушы, жұмылдырушы қызметтерін жоғары деңгейде орындай алады.

2. «Сабақ өткізуші» педагог. Бұл педагогтарға байқампаздық, шығармашылық, кәсіби құзіреттілікке ұмтылу қасиеттері тән болады. Олар рационалист ретінде білім алудың қажеттілігі мен білімнің өмірдегі маңызына ерекше назар аударады. «Сабақ өткізуші» педагог кәсіби іс-әрекетте конструктивті, әдіскерлік, білім беруші, бағдарлаушы қызметтерін тиімді жүзеге асырады.

3. «Коммуникатор» педагог. Оның ең басты қасиеттеріне қарым-қатынастағы ашықтық, мейірімділік, тартымдылық, адамгершілік, эмоционалдық және жұғымды мінез-құлық жатады. Бұл педагогтар экстраверттер болып табылады. Олар дау-дамайdan аулақ жүреді. Керісінше, «коммуникатор» педагогтер эмпатиялық қабілетпен, білім алушыларды бөліп-жармай, оларға құнды қатынаспен ерекшеленеді. Сондықтан олар кәсіби іс-әрекетте коммуникациялық қызметті жоғары деңгейде атқарады.

4. «Зиялы» («ағартушы») педагог. Бұл педагогтар зиялылықтың, жалпы мәдениеттіліктің, ізгіліктіліктің жоғары деңгейімен анықталады. Олар талапшыл, мораль нормаларын қатаң ұстанатын тұлғалар ретінде ерекшеленеді. «Зиялы» педагог кәсіби іс-әрекетте гностикалық, тәрбиелеуші, ақпараттық, дамытушы, зерттеуші қызметтерін оңай үйлестіріп, атқарады. Сонымен қатар, бұл педагогтар өзін-өзі дамыту мәселесіне ерекше назар аударады.

Е.И. Рогов педагогтардың бұл басты типтерінің арасында қосалқы аралық типтер де болатынын ескертеді.

С.В. Кондратьева [2] педагогтарды мынадай типтерге бөледі:

- жетістікке ұмтылушы педагог;
- доминантты педагог;
- тепе-теңдікті сақтаушы педагог;
- аффилиативті педагог.

Зерттеуші жасаған бұл типологияда педагогтардың білім алушылардың іс-әрекетін басқаруы, ұйымдастыруы негізге алынады.

Қазіргі кезде педагогтың кәсіби құзіреттілігін анықтауда эмпатияны маңызды құрылым ретінде қарастыратын психологиялық-педагогикалық зерттеулер жеткілікті. Солардың арасында осы эмпатиялық қабілет арқылы Р. Атаханов пен М.Г. Бобкова [3] педагог типологиясын сипаттайды. Мұнда авторлар педагогтың білім алушылармен өзара

әрекеттестікте эмпатиялық тәсілге бағдарлануды негізге алады. Осыған байланысты педагогтардың 5 типі қарастырылады.

1. Белсенді, оң кәсіби бағдарлы педагогтар. Бұл педагогтар білім алушылардың жай-күйіне эмоциялық қатынас таныта алады. Олар білім алушылардың эмоциялары мен ойларын вербалды емес қылықтарынан біліп, болжауға қабілетті болады. Белсенді, оң кәсіби бағдарлы педагогтар экспрессияны жақсы түсінеді. Әр түрлі жағдайларда әр оқушымен тіл табыса алады. Олар білім алушылардың белсенділігін мейіріммен, қолдаумен арттыруға шебер болады. Бұл педагогтар білім алушылармен ғана емес, әріптестерімен де ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас құра алады.

2. Функционалды кәсіби бағдарлы педагог. Бұл педагогтарда оқушылардың жай-күйіне эмоционалды қатынасы жеткіліксіз болады. Себебі олар вербалды емес белгілер бойынша білім алушылардың эмоциялық жағдайын дұрыс бағалай алмайды. Сондықтан бұл педагогтар басқаларды түсінуге де икемсіз келеді. Олардың түрлі жағдайларда әр оқушымен тіл табысуға да әрқашан қабілеті жете қоймайды. Бұл педагогтар өзінің жеке-дара симпатиясы мен тапсырмаларды орындаудағы табыстылық бойынша аса сирек жағдайда ғана білім алушылардың іс-әрекетін мақтап, қолдайды. Олар нұсқау беру арқылы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырады. Сондықтан бұл педагогтардың кәсіби тәжірибесінде ынтымақтастық болмайды. Функционалды кәсіби бағдарлы педагогтар білім алушылармен тандамалы қарым-қатынас жасау тән.

3. Бейтарап-енжар кәсіби бағдарлы педагог. Бұл педагогтар экспрессия арқылы эмоцияны тани алмағандықтан, вербалды қарым-қатынастың мазмұнына ерекше назар аударады. Сондықтан олар мінез-құлықтың себебі мен салдары арасындағы байланыстарды жеткілікті тани алмайды. Осыған байланысты бұл педагогтар қарама-қарсы сезіммен оқушылардың жай-күйіне эмоциялық қатынас білдіреді. Бейтарап-енжар кәсіби бағдарлы педагогтар сабақта мақтауды, мадақтауды аса сирек қолданады. Олар іскерлік, ресми түрде қарым-қатынас жасауға бағытталып, білім алушылардың спонтанды тілдесуіне себепкер болады.

4. Ситуациялық кәсіби бағдарлы педагог. Бұл педагогтар білім алушылардың жай-күйіне аяушылық сезіммен эмоциялық қатынас білдіреді. Себебі оларда эмоционалды жоғары болады. Соның нәтижесінде бұл педагогтар білім алушылармен қарым-қатынастағы күрделі ситуацияларды тануға, оқиғаларды болжауға, олардың өрбу үдерісін түсінуге мүмкіндік бола бермейді. Сонымен қатар, ситуациялық кәсіби бағдарлы педагогтардың көңіл-күйі аумалы-төкпелі болады. Сондықтан бұл педагогтардың білім алушылармен өзара қатынасы да құбылмалы келеді.

5. Жасырынды теріс кәсіби бағдарлы педагог. Бұл педагогтар оқушылардың жай-күйіне эмоциялық қатынас білдіре алмайды. Олар эмоцияның вербалды емес белгілерін тани алмайды. Сондықтан оларда мінез-құлықтың себебі мен салдары арасындағы байланыстарды түсінуге қабілет жеткіліксіз болады. Жасырынды теріс кәсіби бағдарлы педагогтар білім алушылардың айтар ойының мағынасын түсінуде жиі қателеседі. Олар оқушылармен ресми қатынас орнатып, менсінбеушілік ұстаным да танытады. Бұл педагогтар білім алушылармен де, әріптестерімен де өзара әрекеттесу ситуацияларына бейімделуі төмен дәрежеде болады. Олар сабақ кезінде оқушыларды мақтап, қолдауды қолданбайды.

Олай болса, бұл типология педагогтардағы эмпатияның дамуын олардың білім алушыларға эмоциялық қатынасы арқылы анықтап, қарастырады.

А.П. Панфилова [4, 32б.] педагогтарды «трансакциялық» және «трансформациялық» деп сипаттайды. «Трансакциялық» педагогтар ақпарат алмасу үдерісін ұйымдастырып, жүзеге асырады. Олар жұмысында сабақ беріп, міндетін ресми түрде атқарып кете беретін педагогтар болып табылады. Ал, «трансформациялық» педагогтар кәсіби іс-әрекетте маңызды бетбұрыстар мен өзгерістерді жүзеге асыруға қабілетті болады. Бұл

педагогтар білім алушылардың дамуына, білім беру орнындағы мінез-құлық мәдениетінің бекуіне, білім беру технологияларын қолдануға байланысты оңды өзгерістер енгізеді. «Трансформациялық» педагогтар әр оқушының болашағына назар аударады. Олар жалпыадамзаттық құндылықтар мен бағдарларды, мақсаттар мен миссияларды, жаңа патриоттық және адамгершілік идеяларды даму үдерісінде негізге алады. Бұл педагогтар білім берушілер мен әріптестер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылады.

Олай болса, мұнда педагогтар кәсіби іс-әрекетті құзіреттілікпен жүзеге асыруға байланысты типтерге бөлінген.

Л. Фестингер [5] болса, ол педагогтарды білім алушылардың оқу үдерісіндегі табыстылығы бойынша типтерді ажыратады. Сонда, педагогтардың біртобы оқу әрекетіндегі табыстылыққа жетумен байланысты білім алушының дамуына назар аударатын болады. Ал, екінші бір топтағы педагогтар білім алушылардың оқу үдерісінде нәтижелі болуының тұрақты факторларын маңызды деп санайды.

Эксперименттік зерттеулер арқылы Д. Райис [6] оқытушылардың екі шеткері типтерін анықтаған. Бұл типтерді ол «Х тип» және «У тип» деп атайды. Х типті педагогтар эмоциялық және әлеуметтік факторларға сүйене отырып, білім алушылардың тұлғалық дамуына бағытталады. Бұл педагогтар сабақ беруде жеке-дара тұрғыны қолданып, достық негіздегі қарым-қатынасты ұстанады. Ал, У типі бойынша сипатталатын педагогтар оқушылардың ақыл-ой дамуын алға қояды. Олар оқу мазмұны мен оқу жоспарын қатаң сақтап, сабақты тиімді өткізуге бағдарланады.

Көбінде педагогикалық іс-әрекеттің басты мақсаты білім алушының дамуы, тәрбиесі, оқу үдерісіндегі табыстылығы бойынша педагогтар типологиясы жіктеледі. Осыған байланысты, кейбір еңбектерде оқушы тұлғасына бағыттылығы негізге алынып, педагог типтері ажыратылады.

В.Н. Сорока-Росинский [7] педагогикалық іс-әрекеттегі мұғалімнің бағыттылықтары мен олардың типтерін бөліп, сипаттайды. Сонда, автор педагог типологиясына олардың бағыттылығын негізге алады. Осыған байланысты мұғалімнің 2 түрлі бағыттылығы анықталған:

- пәнге негізделу, сабақ мазмұнына шегенделу – «пәнге центризм»;
- оқушыларға бағытталу – «педоцентризм».

Осыдан педагогтардың сәйкесінше 2 типі ажыратылып, олардың ерекшеліктері сипатталады:

1) «логотроптар» – эмоциялық реакциялары оқушының сабақтағы іс-әрекеті мен жауабына байланысты жағымды-жағымсыз болып құбылмалы келеді; олар пән бойынша білімді ең басты көрсеткіш ретінде санайды;

2) «педотроптар» – оқушылардың жан-дүниесін терең түсінуге қабілетті; олармен бірге қуанып, бірге күйіне алатын; оларды аналық мейірімге бөлейтін; көмектесіп, қолдауға әрқашан дайын тұратын тұлға.

Болашақ педагогтардың бағыттылығы бойынша олардың типтері туралы объективті ақпарат алудың диагностикалық әдістемесін жасаған Н.А. Тарасова [8] да В.Н. Сорока-Росинский сияқты мұғалімдерді «сабақ беруші» және «тәрбиелеуші» деп бөледі. Оның пікірінше, сабақ беруші мұғалім тек пән материалына бағдарланады. Мұндай педагог пән бойынша сабақ беруді әлеуметтік өзара әрекеттестік үшін қажетті коммуникациялық әсердің басты құралы ретінде қабылдайды. Ал, тәрбиелеуші педагог үшін білім алушының жеке тұлғасы маңызды болып табылады. Ондай мұғалімдер білім алушылармен әлеуметтік байланыс орнату жобалары мен перспективасына басты назар аударады.

Оқу пәнін меңгерудің және алынған білімді қолданудың ерекшеліктерін Л.В. Шибеева [9] бойынша болашақ мұғалімдердің оқушыға бағдарлану стильдерін анықтайды. Осыған байланысты ол басты екі стильді ажыратады.

1. Дискретті стиль. Бұл стильді автор тәрбие жұмысына байланысты жеке түзетуші

шараларды ұйымдастыруға бағдарланады деп санайды. Мұнда тәрбиелік іс-шаралардың мақсаты оқушылардың тұтастай тұлға ретінде қалыптасуына бағдар ұстамайды. Ал, оқыту жағдайында дискретті стиль педагогтың жеке сабақтарды өткізуге бағдарлануын білдіреді. Бұл дәстүрлі сабақ беру жағдайын сипаттайтын стиль болып табылады.

2. Перспективалық, тұтастай жоспарлау стилі. Бұл стиль білім алушылардың жан-жақты, біртұтас дамуын ұйымдастыруға бағдарланады. Мұғалімнің бұл стилі диалектикалық логикаға негізделетін теориялық ойлау тәсілінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан бұл стиль педагогикалық нысандардың даму механизмдерін түсінуді және оларды басқаруды қамтамасыз етеді.

Г.С. Абрамованың [10] көзқарасына сәйкес мұғалімнің оқушы туралы біртұтас түсінігінің қалыптасуына байланысты оның педагогикалық позициясы анықталады. Автордың пікірінше, педагогикалық позицияның әр типі мұғалімнің оқушымен өзара әрекеттесу жолдарын, оны бағалау тәсілдерін т.б. кәсіби іс-әрекет құрылымдарын таңдауынан көрінеді. Мұнда педагогикалық позицияның 3 типі қарастырылады. Педагогикалық позицияның бірінші типіне сәйкес оқушы мұғалімнің кәсіби іс-әрекет ету құралы ретінде болады. Екінші типті ұстанатын педагог үшін оқушы оның кәсіби іс-әрекетінің шарты болып табылады. Ал, педагогикалық позицияның үшінші типіндегі педагог оқушыға өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты ретінде қарайды.

Олай болса, қазіргі кезде педагогикалық, психологиялық зерттеулерде педагогтың кәсіби іс-әрекетінің жалпыланған, ықпалдасқан сипаттамалары типологияның негізі ретінде қаралмайды. Ғылымдағы педагогтардың типологиялық жіктемелерінде көбінесе жеке-дара кәсіби қабілеттер басты параметр болып табылады. Сонымен қатар, әдебиетте педагогтар типологиясына маманның кәсіби іс-әрекет барысында қарым-қатынас жасауға қабілеті немесе өз пәні арқылы білім алушыларды қызықтыра алуы немесе педагогтардың психологиялық жеке-дара қасиеттерінің ерекше даму деңгейлері қарастырылады.

Педагогтың типтік ерекшеліктерін анықтау арқылы оның өз пәнін білу дәрежесін; білім алушыларға деген қатынасын; кәсіби іс-әрекетке қатынасын; кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін, яғни, маман ретіндегі кәсіби құзіреттілік деңгейі белгілі болады. Және керісінше, белгілі бір типке сәйкес сипатталатын педагогтың кәсіби іс-әрекеттегі барлық қатынастар жүйесі мен тұлғалық ерекшеліктері айқындалады.

Сонымен қатар, типологиялық жіктемелер арқылы педагогтардың мінез-құлқының кәсіпке және қоғамдағы тәртіп-ережелерге сәйкестігі шығады. Сондықтан педагогтар типологиясы кейде маманның мінез-құлқында кездесіп қалатын қалыпты нормадан ауытқуларды байқауға мүмкіндік береді. Олай болса, педагогтар типологиясы болашақ маманның кәсіби қалыптасу кезінен бастап, оның кәсіби деформацияға сәйкес ерекшеліктеріне дейін қамтиды.

Әдебиеттер тізімі

1. Гоноболин Ф. Н. Книга об учителе. – М., 1988. – 260 с.
2. Костяшкин Э.Г. <http://setilab.ru/modules/article/trackback.php/121>
3. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы. – Алматы, 2012.
4. Ковалев Б.П. Рефлексивная регуляция педагогической деятельности // Психология учителя. – М., 1989. – С. 6.
5. Юсупов И.М. Психология взаимопонимания. – Казань: Татар. кн. изд-во, 1991.
6. Рогов Е. И. Личность в педагогической деятельности. – Ростов н/Д., 1994. – 240 с.
7. Кондратьева С.В. Учитель – ученик. – М., 1984. – 80с.
8. Атаханов Р., Бобкова М.Г. Психологическое воздействие и профессиональная установка педагога на эмпатийный способ взаимодействия // Психологическая наука и образование. 2007. — № 1.— С. 93–102.
9. Панфилова А.П. Психология общения. - М.: Академия, 2013.

Г.Т. Аюпова

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан***Профессионально-личностные типологические характеристики преподавателей высшей школы**

Аннотация. На сегодняшний день, много педагогических и психологических исследований, которые выявляют важное значение эмпатии в профессиональной педагогической компетентности. Педагоги внедряют новые технологии развития и закрепления у учащихся культуры образования. Профессиональные способности являются главным параметром в типовой классификации личностной профессиональной деятельности педагога, занимающегося наукой. В том числе, в литературе рассматриваются возможности профессиональных взаимоотношений педагогов в типологии и заинтересованность учащихся.

Ключевые слова. характер, способность, эмпатия, профессиональная деятельность, личность, взаимоотношения

G.T. Ayupova

*LN Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan***Development of professionally significant qualities of the personality of the university teacher**

Abstract. Nowadays, there are lots of educational and psychological studies that reveal the importance of empathy in professional pedagogical competence. Teachers introduce new technology development and consolidation of students' educational culture. Professional skills are the main parameter in the standard classification of personal professional activity of the teacher in charge of science. In particular, the literature discusses possible relations professional teachers in the typology and the interest of students.

Keywords: character, ability, empathy, professional activities, personality, relationships

References

1. Gonobolin F. N. Kniga ob uchitele [Gonobolin F.N. Book about the teacher]. (Moskow., 1988).
2. Kostjashkin Je.G. [Kostyashkin E.G.]<http://setilab.ru/modules/article/trackback.php/121>
3. Ermentaeva A.R. Zhofary mektep psihologijasy Ermentaeva A.R.High School Psychology. (Almaty, 2012).
4. Kovalev B.P. Refleksivnaja reguljacija pedagogicheskoy dejatel'nosti // Psihologija uchitelja. [Kovalev B.P. Reflective regulation of educational activities // Psychology of teacher]. (Moskow, 1989).
5. Jusupov I.M. Psihologija vzaimoponimaniya [Yusupov I.M. Understanding psychology]. (Kazan: Tatar. Vol. Publishing house, 1991).
6. Rogov E. I. Lichnost' v pedagogicheskoy dejatel'nosti [Rogov E.I. Personality in pedagogical activity]. (Rostov n / D, 1994).
7. Kondrat'eva S.V. Uchitel' – uchenik. [Kondratiev S.V. Teacher - student]. (M., 1984).
8. Atahanov R., Bobkova M.G. Psihologicheskoe vozdejstvie i professional'naja ustanovka pedagoga na jempatijnyj sposob vzaimodejstvija // Psihologicheskaja nauka i obrazovanie [Atakhanov R. Bobkov M.G. Psychological effects and professional installation of the teacher on empathy mode of interaction // Psychological science and education.] 2007. - № 1.- pp 93-102.
9. Panfilova A.P. Psihologija obshhenija. [Panfilova A.P. Psychology of communication]. (Moskow, Academy 2013).